

Қазақстан Республикасының
 28 01 2000
 338-1943-А/2
 95 15 07
 26 01 99
 15 04 95

КОПИЯ

**АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ
 ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА**

Хаттама № _____
 " 10 " 08 2000ж.

Маңғыстау облысы "БЕКТЕГІЛТЕР"
 1999 ж. "10" 09 "15" 26 01
 № 338-1943-А/2
 толықтырулар мен
 юстиция Маңғыстау облысы
 "10" 09 2000
 менен және
 № 338-1943-А/2 "26" 01 1999 г.
 зарегистрделген IP N1062

“МАҢҒЫСТАУМУНАЙГАЗ”

ашық акционерлік қоғамының

ЖАРҒЫСЫ

(жаңа редакциясы)

Маңғыстау облыстық әділет басқармасы
 2000 ж. "10" 10 1999 ж. "6" 01
 № 338-1943-А/2 енгізілген өзгертулер мен
 толықтырулар Маңғыстау облысының
 юстиция Маңғыстау облысы
 "10" 10 2000 ж. қарсаңында
 менен және
 № 338-1943-А/2 "26" 01 1999 г.
 зарегистрделген IP N914

1. Жалпы ережелер

1.1. “Маңғыстаумұнайгаз” акционерлік қоғамы, одан әрі атап айтқанда Қоғам, Маңғыстау мемлекет мүліктік аумақ комитетімен (24 мамыр 1995 жылы шыққан № 59/01-5 Қаулысымен) “Маңғыстаумұнайгаз” Өндірістік бірлестігінің ашық акционерлік қоғамына қайта құрылуы нәтижесінде пайда болған ашық акционерлік қоғамы болып табылады.

1.2. Жарғының ережелерін танып білетін қазақстандық және шетелдік заңды тұлғалар, қазақстан және шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар, халықаралық ұйымдар Қоғамның Акционерлері бола алады.

1.3. Қоғамның қызметтері туралы ақпараттар “Казахстанская правда” және “Егеменді Қазақстан” газеттерінде жарияланады.

2. Қоғамның атауы және орналасқан жері

2.1. Қоғамның толық атауы:

- мемлекеттік тілінде :

- “МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ” ашық акционерлік қоғамы;

- орыс тілінде :

- открытое акционерное общество “МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ”;

Қоғамның қысқартылған атауы:

- мемлекет тілінде :

- “МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ” ААҚ;

- орыс тілінде :

- ОАО “МАНГИСТАУМУНАЙГАЗ”.

2.2. Қоғамның орналасқан жері /мекен-жайы/:

466200, Қазақстан Республикасы,
Маңғыстау облысы,
Ақтау қаласы, 6 ш/аудан, 1 үй .

3. Қоғамның құқықтық жағдайы

3.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады және әрекет етіп жатырған заңнаманы, осы Жарғыны, акционерлер жалпы жиналысының, Қоғамның басқа да органдарының өздерінің құзыреті шегінде белгіленген тәртіппен қабылданған шешімдерін басшылыққа ала отырып, өзінің қызметін жүзеге асырады.

Қоғам тіркелген кезден бастап заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттеріне ие болады.

Қоғамның меншігінде оның озбастақ теңгерімінде есептелетін оқшауланған мүлігі болады.

Қоғам өзінің атынан мәмілелер жасайтын, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтары мен міндеттерді атқаратын, сотта, аралық сотта талапкер және жауапкер болатын құқықтары болады, сондай-ақ басқа да әрекет етіп жатырған Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшылық болмайтын әрекеттерді жүзеге асырады.

Қоғам кәсіпорындар мен ұйымдардың мүліктегі үлестерін (акцияларын), үйлер, ғимараттар, жер, табиғат ресурстарын қолдану құқығын, бағалы қағаздар, сондай-ақ заңнама бойынша меншіктік құқықтың объектісі болатын кез келген басқа мүлікті иеленуге, оларға қатысты кез келген мәмілелер жасауға құқықты.

3.2. Қоғам сенімхаттар беруге құқығы бар.

3.3. Қоғам патенттерді, авторлық құқықтарды, технологияларды, техникалық және басқа ақпараттарды ие болу және пайдалану құқықтарын иелене және өкілдік ете алады.

3.4. Қоғам ұлттық және шетелдік валютасымен алынған кредиттерін пайдалану, сондай-ақ әрекет етіп жатырған Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайлармен облигациялық заемдарды шығару құқықтары болады.

3.5. Қоғам шетелдерінде шаруашылық қызметтерін жүргізе алады, сонымен бірге Қазақстан Республикасының және шаруашылық қызметін атқаратын шетелдерінің заңнамасына сәйкес шетелдік заңды және жеке тұлғалардың қатысуымен Қазақстан Республикасының және шетел аумақтарында бірлескен кәсіпорындар, халықаралық бірлестіктер және ұйымдар құруына және олардың қызметіне қатысуға құқықты.

3.6. Қоғам әрекет етіп жатырған Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес бағалы қағаздарды шығара және оларды Қазақстан Республикасының аумақтарында және одан тыс жерлерде заңды және жеке тұлғалар арасында тарата алады.

3.7. Қоғам белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумақтарында және одан тыс жерлерде банк шоттарын ашуға, қажетті жағдайларда, Қазақстан Республикасының уәкілетті органымен берілген лицензиялары мен келісімдеріне сәйкес бағалы қағаздарын иелену және ақшаларды және басқа капиталдарын салу жолдарымен шетелдерінде инвестициялау жұмыстарын жүзеге асыруға құқықты.

3.8. Қоғамның мемлекет және орыс тілдерінде корсетілген фирмалық атауы бар доңгелек мөрі болады.

Қоғамның штампы және өзінің атауы бар бланкілері, меншіктік таңбалары, сондай-ақ белгіленген тәртіппен тіркелген тауарлық белгісі және басқа визуалдық идентификациялары болады.

3.9. Қоғамның осы Жарғымен реттелмей қалған құқықтық жағдайы, Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар және бағалы қағаздар туралы" заңнамаларымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық кесімдерімен, акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдерімен және Директорлар кеңесімен реттеледі.

4. Қоғамның жауапкершілігі

4.1. Қоғам өзіне тиесілі мүлікпен өзінің міндеттемелеріне жауапкершілік атқарады.

4.2. Қоғам өзінің акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Акционерлер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және егер акционерлер - лауазымды тұлғалар өздерінің кінәлік әрекеттерімен Қоғамға келтірген зияндары үшін жауапкершілік атқаратын жағдайларды қоспағанда, өздерінің қызметіне байланысты зияндарға өздеріне тиісті акциясының құны шегінде тәуекел етеді.

4.3. Мемлекет және оның органдары Қоғамның міндеттемелері бойынша жауапкершілік атқармайды, сол сияқты Қоғам да мемлекет және оның органдарының міндеттемелері бойынша жауапкершілік атқармайды.

5. Филиалдар мен өкілдіктер, еншілес және байланысты қоғамдар

5.1. Қоғам Қазақстан Республикасының аумақтарында және одна тыс жерлерде филиалдарын құра және өкілдіктерін аша алады.

5.2. Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлғалар бола алмайды және бекітілген ережелер бойынша әрекет жасайды. Филиалдар мен өкілдіктер басшылары Қоғамның атынан оның берген сенімхаты бойынша әрекет жасайды.

5.3. Филиалдар мен өкілдіктерді құру және оларды тарату, ол туралы ережелерді бекіту, басшыларын тағайындау Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

5.4. Директорлар кеңесінің шешімі бойынша, Қоғам басқа кәсіпорындар мен ұйымдардың барлық меншіктік түрлерімен Қазақстан Республикасының және шетел аумақтарында бірлестіктерге қосылуға құқықты. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген негіздермен ҚР және шетел аумақтарында басқа кәсіпорындар мен ұйымдарда заңды тұлғалық құқығымен және құқығысыз олардың құрылтайшысы, қатысушысы болуға құқықты.

6. Мақсаты және қызметінің тақырыбы

6.1. Қоғамның негізгі мақсаты табыс алу және оны Акционерлер мүддесіне пайдалану болып табылады.

6.2. Қоғамның қызметінің негізгі тақырыбы :

- мұнай және газ кен орындарын бақылау және өзірлеу;
- мұнай мен газды өндіру;
- мұнай газ шикізаттарын және қайта өңдеу өнімдерін жеткізу ;
- телекоммуникация саласындағы қызмет ;
- ақпарат-есептеуін қызметтері;
- химиялық, бұрғылау, мұнайгаз кәсіпшілік қондырғыларын, аппаратура-ларды және бақылау, авария жағдайларына қарсы қорғаныстар және сигнализация жүйелерін, көтергіш тымараттарды, сондай-ақ қысыммен жұмыс жасайтын қазандар, ыдыстар мен құбырларды дайындау, монтаждау және жөндеу ;
- медициналық, дәрігерлік қызметтермен айналысу, фармацевтикалық қызметтер көрсету;
- қорғау қызметтері болып табылады ;

Қоғам оның мақсатына қайшы болмайтын және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған кез келген қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқықты .

Егер де Қазақстан Республикасының заңнамасымен қандай да болсын Қоғамның қызмет тақырыбы болып табылатын қызмет түрі лицензияланған болса, онда Қоғам ол қызмет түрімен лицензия бойынша айналыса алады.

7. Қоғамның капиталы

7.1. Қоғамның жарияланған жарғылық капиталы 10 894 602 000 (он миллиард сегіз жүз тоқсан төрт миллион алты жүз екі мың) теңгені құрайды.

Қоғамның жарияланған жарғылық капиталы оның шығару кезінде жарияланған 10 894 602 (он миллион сегіз жүз тоқсан төрт мың алты жүз екі) номиналдық құны 1000 (мың) теңге болатын атау акциясынан, оның ішінде 9 805 142 (тоғыз миллион сегіз жүз бес мың жүз қырық екісі) номиналдық құны 1000 (мың) теңге болатын жәй атау акциясынан және 1 089 460 (бір миллион сексен тоғыз мың төрт жүз алтыс) номиналдық құны 1000 (мың) теңге болатын артықшылықты атаулы акцияларынан құралған.

7.2. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша Қоғам жарияланған жарғылық капиталының мөлшерін көбейтуге құқықты.

Жарияланған жарғылық капитал шамасын көбейтуге бұрынғы шығаруға жарияланған барлық акциялар орналастырылғаннан және төленгеннен кейін ғана оны көбейтуге жол беріледі.

7.3. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша Қоғамның жарияланған жарғылық капиталы заңнамамен белгіленген тәртіпте азайтылуы мүмкін.

Қоғамның жарияланған жарғылық капиталы жарияланған және шығарылған (төленген) капиталдың арасындағы айырманың сомасында азайтылуы мүмкін.

Бұндай азайу нәтижесінде жарияланған жарғылық капитал заңнамамен белгіленген ең төменгі мөлшерден кем болмауы тиіс.

7.4. Қоғам шығарылған акцияларын жабық, жеке және ашық түрлерінде орналастырады. Қоғам акцияларын орналастыру (эмиссия) әдістері, шарттары мен мерзімі, акциялар саны, басқа да бағалы қағаздарды шығаруға жарияланған акциялардың шегінде, Қоғамның Директорлар кеңесінің оларды орналастыру туралы шешімімен белгіленеді.

7.5. Шығарылған (төленген) Қоғамның капиталы қосымша акцияларын орналастыру, облигацияларды акцияларға ауыстыру (конверсии) жолдарымен көбейтілуі мүмкін.

7.6. Шығарылған (төленген) капиталды азайту шығарылған акциялардың жалпы санын қысқарту арқылы, сонымен бірге Қоғамның акцияларды иеленуі және заңнамада белгіленген тәртіппен акция бөлімдерін өтеу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

7.7. Заңнамада көзделген жағдайларда, Қоғамдағы акциялардың қосымша эмиссиясы есеп шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Акциялардың қосымша эмиссиясын жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңымен, басқа нормативтік құқықтық кәсіпдерімен белгіленеді.

7.8. Жарияланған капитал мөлшерінде Қоғам ең бастапқы шығарылған акцияларын орналастыруды жүзеге асырады. Акцияларды шығару және орналастыру нәтижесі туралы есеп Қазақстан Республикасының бағалы қағаздары бойынша Үлгілік комиссиясымен 09.07.1997ж. №02-1-19/2751 номерімен тіркелген.

7.9. Заңнама бойынша Қоғамда оның жарияланған капиталынан он бес процент мөлшерінде Резерв капиталы құрылады.

Резерв капиталы ескерілмеген шығындарды жабу үшін, таза табыстың жетпеген жағдайында артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеуге тағайындалады. Резерв капиталын шығындау Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

7.10. Қоғамның резерв капиталы оның таза табысынан жыл сайын қаржы бөлу жолымен қалыптастырылады. Жыл сайын бөлінетін қаржының мөлшерін, резерв капиталының осы Жарғы бойынша белгіленген шамасына жеткенше, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен белгіленеді.

8. Қоғамның бағалы қағаздары

8.1. Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, тіркеу, орналастыру және есептеу әрекет етін жатырған Қазақстан Республикасының заңнамасы және осы Жарғымен белгіленеді.

8.2. Қоғам акциялар, облигациялар, туынды бағалы қағаздар шығарады.

8.3. Қоғам әр қайсысының номиналдық құны 1000 (бір мың) тенге болатын құжатсыз түрде акциялар шығаруды жүзеге асырады. Қоғамның барлық акциялары атаулы болып табылады.

8.4. Акция бөлінбейді. Егер бір акцияны бірнеше тұлға сатып алған жағдайда, олардың бәрі Қоғамға қатысты бір акционер болып танылады, өз құқықтарын ортақ өкіл арқылы жүзеге асырады. Бір акцияға иеленуші акционерлер құқығы олардың арасындағы шарт бойынша белгіленеді, бұл жағдайда әрбір акционер жалпы үлестік меншіктің қатысушысы болып табылады.

8.5. Қоғам өзінің бұрынғы шығарылған акцияларын бөлшектеуге (сплит) не болмаса топтастыруға құқылы. Топтастыру не болмаса бөлшектеу туралы шешімді акционерлер жалпы жиналысында өзінің Жарғысына сәйкес өзгерістер енгізу арқылы қабылданады.

8.6. Қоғамның жарияланған жарғылық капиталының барлық сомасына тең акцияларды бастапқы орналастыру келесі түрлермен жүзеге асырылады:

- акциялар жалпы санынан 10% атаулы артықшылықты акциялар түрінде, Қоғамның еңбек ұжымының мүшелеріне төлеусіз берілген;
- акциялардың жалпы санынан 90% (жой) жеке приватизация жобасына сәйкес орналастырылады.

8.7. Акционерлер өздерінің акция төлеміне салымын келесі түрде жүзеге асырады :

- ақшалай (теңгемен және шетел валютасымен) ;
- мүліктік құқығымен;
- жерді пайдалану құқығымен;
- интеллектуалдық қызмет нәтижесінің құқығымен;
- мүліктің басқа түрлерімен;
- тек қана бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында белгіленген құны бойынша акциялар төлемі бағалы қағаздармен жүзеге асырылуға жол беріледі.

Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша, ақшаны қоспағандағы акциялар төлеміне енгізілетін басқа мүлік, оның ағымдық нарықтық бәсін ескере отырып ақшамен бағаланады. Акциялардың төлеміне енгізілетін мүліктік салымның бағалауы аудитормен бекітілуі тиіс.

8.8. Акциялардың төлемі ретінде, мүлікті пайдалану құқығы берілген жағдайларда, бұл төлемнің мөлшері Қоғамның берілген мүлікті бүкіл пайдалану мерзімі үшін есептелген пайдалану ақысымен белгіленеді.

Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысының келісімісіз пайдалану құқығы Қоғам акцияларының төлемі үшін арналған мүлікті уақытынан бұрын алуға жол берілмейді.

8.9. Қоғамның бағалы қағаздарының қозғалысы бағалы қағаздарын ұстаушылар тізімінде белгіленеді.

Қоғам акцияларының мәмілесін нақтылы уақытында тіркеуді, оларды тіркеу орны бойынша тәуелсіз аудитор, номиналдық ұстаушы не болмаса басқа бағалы қағаздар нарығының профессионал қатысушысы жүзеге асырады. Меншіктік құқығын акцияға беру мезгілі деп, акционерлер тізіліміне жазылу мезгілі болып табылады.

Қоғамның бағалы қағазының құқығын растауды бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімінен көшірме немесе атаулы ұстаушының шотынан көшірме беру жолымен тізілімді ұстаушы немесе атаулы ұстаушы жүзеге асырады.

8.10. Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімінде тіркелген тұлға өзінің деректерінің өзгергендігі туралы Қоғамның тізілім ұстаушысына он күн ішінде хабарлауға міндетті. Мұндай ақпарат берілмеген жағдайда Қоғам және (немесе) тәуелсіз тіркеуші аталған ақпараттың берілмеуі салдарынан келтірілген зала үшін жауапкершіліктен босатылады.

8.11. Қоғам акционерге тиісті акцияны, оны одан әрі қайта болуге не болмаса жоюға не болмаса басқа мақсатта, егер акционерлердің Жалпы жиналысымен басқасы қабылданбаса Директорлар кеңесінің шешімі бойынша сатып алуына болады.

8.12. Қоғамның шығарылған акцияларды сатып алуы Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңына сәйкес белгіленген, шығарылған акцияларды сатып алу туралы хабарландырылған күннің алдындағы соңғы отыз күнтібелік күндегі олардың нарықтық орташа есеңтелген бағасы бойынша немесе сатып алу туралы талаптың бағасы бойынша жүргізіледі.

Қоғамның мөлшері шығарылған акциялардың жалпы мөлшерінен бір пайыз асатын шығарылған акцияларды сатып алуы туралы ұсыныс бағасы мен сатып алу шарттары бойынша барлық акционерлер үшін бірдей дәрежеде қол жетерлік болуы және "Казахстанская правда" мен "Егеменді Қазақстан" газеттерінде жариялануы тиіс.

8.6. Қоғамның жарияланған жарғылық капиталының барлық сомасына тең акцияларды бастапқы орналастыру келесі түрлермен жүзеге асырылады:

- акциялар жалпы санынан 10% атаулы артықшылықты акциялар түрінде, Қоғамның еңбек ұжымының мүшелеріне төлеусіз берілген;
- акциялардың жалпы санынан 90% (жөй) жеке приватизация жобасына сәйкес орналастырылады.

8.7. Акционерлер өздерінің акция төлеміне салымын келесі түрде жүзеге асырады :

- ақшалай (теңгемен және шетел валютасымен) ;
- мүліктік құқығымен;
- жерді пайдалану құқығымен;
- интеллектуалдық қызмет нәтижесінің құқығымен;
- мүліктің басқа түрлерімен;
- тек қана бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында белгіленген құны бойынша акциялар төлемі бағалы қағаздармен жүзеге асырылуға жол беріледі.

Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша, ақшаны қоспағандағы акциялар төлеміне енгізілетін басқа мүлік, оның ағымдық нарықтық бәсін ескере отырып ақшамен бағаланады. Акциялардың төлеміне енгізілетін мүліктік салымның бағалауы аудитормен бекітілуі тиіс.

8.8. Акциялардың төлемі ретінде, мүлікті пайдалану құқығы берілген жағдайларда, бұл төлемнің мөлшері Қоғамның берілген мүлікті бүкіл пайдалану мерзімі үшін есептелген пайдалану ақысымен белгіленеді.

Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысының келісімісіз пайдалану құқығы Қоғам акцияларының төлемі үшін арналған мүлікті уақытынан бұрын алуға жол берілмейді.

8.9. Қоғамның бағалы қағаздарының қозғалысы бағалы қағаздарын ұстаушылар тізімінде белгіленеді.

Қоғам акцияларының мәмілесін нақтылы уақытында тіркеуді, оларды тіркеу орны бойынша тәуелсіз аудитор, номиналдық ұстаушы не болмаса басқа бағалы қағаздар нарығының профессионал қатысушысы жүзеге асырады. Меншіктік құқығын акцияға беру мезгілі деп, акционерлер тізіліміне жазылу мезгілі болып табылады.

Қоғамның бағалы қағазының құқығын растауды бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімінен көшірме немесе атаулы ұстаушының шотынан көшірме беру жолымен тізілімді ұстаушы немесе атаулы ұстаушы жүзеге асырады.

8.10. Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімінде тіркелген тұлға өзінің деректерінің өзгергендігі туралы Қоғамның тізілім ұстаушысына он күн ішінде хабарлауға міндетті. Мұндай ақпарат берілмеген жағдайда Қоғам және (немесе) тәуелсіз тіркеуші аталған ақпараттың берілмеуі салдарынан келтірілген зала үшін жауапкершіліктен босатылады.

8.11. Қоғам акционерге тиісті акцияны, оны одан әрі қайта болуға не болмаса жоюға не болмаса басқа мақсатта, егер акционерлердің Жалпы жиналысымен басқасы қабылданбаса Директорлар кеңесінің шешімі бойынша сатып алуына болады.

8.12. Қоғамның шығарылған акцияларды сатып алуы Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңына сәйкес белгіленген, шығарылған акцияларды сатып алу туралы хабарландырылған күннің алдындағы соңғы отыз күнтібелік күндегі олардың нарықтық орташа есеңтелген бағасы бойынша немесе сатып алу туралы талаптың бағасы бойынша жүргізіледі.

Қоғамның мөлшері шығарылған акциялардың жалпы мөлшерінен бір пайыз асатын шығарылған акцияларды сатып алуы туралы ұсыныс бағасы мен сатып алу шарттары бойынша барлық акционерлер үшін бірдей дәрежеде қол жетерлік болуы және "Казахстанская правда" мен "Егеменді Қазақстан" газеттерінде жариялануы тиіс.

8.13. Қоғамның акцияларын акционерлердің сатуына Қоғамның келергі жасамауы тиіс.

Қоғамның өз акцияларын сатқысы келетін тұлғаға осы акцияларды ұсынылған бағадан жоғары бағаға Қоғамның өзі немесе үшінші тұлғалардың сатып алуы туралы ұсыныс жасауға және ұсыныстың мәтінін өкілетті органға жіберуге құқығы бар.

8.14. Қоғамның дауыс беретін акцияларының отыз және одан да көп пайызын жеке немесе өзінің аффилиирленген тұлғаларымен бірлесіп сатып алған тұлға, отыз күн ішінде қалған акционерлерге Қоғамның оған тиесілі акцияларын Қоғам акцияларының бумасын сатып алу өткізілген күннің алдындағы соңғы алты айдың ішіндегі Қоғамның акцияларды сатып алуының орташа бағасынан төмен емес баға бойынша сатуға жасалған ұсынысты “Казахстанская правда” мен “Егеменді Қазақстан” газеттерінде жариялауға міндетті.

Акционер сату туралы ұсыныс жарияланған күннен бастап отыз күннен аспайтын мерзімде өзіне тиесілі акцияларды сату туралы ұсынысты қабылдауға немесе ұсыныстан бас тартуға құқылы.

Акционердің өзіне тиесілі акцияларды сатып алуға жазбаша келісімі алынған жағдайда сатып алу туралы ұсынысты жариялаған тұлға отыз күннің ішінде осы акцияларды төлеуге міндетті.

Осы тармақта көрсетілген акцияларды сатып алу тәртібі сақталмаған жағдайда Қоғамның дауыс беретін акцияларының отыз және одан да көп пайызын иеленетін тұлға өзіне тиесілі акциялардың Қоғамның дауыс беретін акцияларының жиырма тоғыз пайызынан асатын бөлігін иеліктен айыруға міндетті.

8.15. Қоғамның одан әрі дамуы үшін қосымша қаражат тарту мақсатында, акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша облигациялар шығаруға құқылы.

Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша Қоғам халықаралық облигациялар шығаруды жүзеге асыруға құқылы.

Облигацияларды шығару тәртібі бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен реттеледі. Облигациялар эмиссиясы мемлекеттік тіркелуге тиіс.

Облигацияларды иелену тәртібі, олар бойынша сыйақылар (мүддені) төлеу, оларды (конверсияланған облигациялар шығарған жағдайда) Қоғам акцияларына ауыстыру тәртібі, ол акцияға ауысуды өтеу (конверсияланған облигациялар шығарған жағдайда), облигацияларды өтеу, сонымен бірге оларды мерзімінен бұрын өтеу және оларды өткізгеннен кейінгі қаражатты пайдалану облигациялар шығарылымы шарттарына белгіленеді.

8.16. Қоғам облигациялары оның иеленушісіне номиналдық құнын көрсетілген мерзімде, облигациялар номиналдық құнынан пайызбен есептелген сыйақысымен (мүддесімен) бірге өтей алатын Қоғамның міндеттемелерін растайтын бағалы қағаздар не болмаса басқа мүліктік құқықтар болып табылады. Пайыз мөлшері акционерлер Жалпы жиналысының облигациялар шығару кезінде белгіленеді.

Облигациялар меншік иелерінің Қоғамды басқаруына қатысуға құқығы жоқ.

Қоғам купондық және дисконттық облигациялар шығара алады.

8.17. Қоғамның бағалы қағаздарын кепілге салу туралы мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі. Егер кепілге салу шарттарында өзгеше көзделмесе, акционердің өзі кепілге салған акциялар бойынша дивидендтер алуға да, дауыс беруге де құқығы бар.

8.18. Қоғам акционерлер Жалпы жиналысының шешімі бойынша Қоғам жұмысшыларына не болмаса басқа заңды және жеке тұлғаларға белгіленген санда Қоғамның бағалы қағаздарын (опцион) сатып алу (сату) басымдылық құқығын беруге құқылы.

8.19. Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамаға сәйкес, Қоғамның акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімі бойынша Қоғам варранттарды және туынды бағалы қағаздардың басқа түрлерін шығаруды жүзеге асыруға құқылы.

8.20. Қоғам конверсияланған бағалы қағаздар шығаруға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздарының бір түрін оның басқа түріне айырбастау жолымен өтсеуі конверсиялау болып табылады. Қоғам заңнамаға сәйкес шығарылған облигацияларды акцияларға айырбастауды, сондай-ақ Қоғамның артықшылықты акцияларын жәй акцияларға айырбастай алады. Конверсиялау құқығы мен конверсиялау шарты айналысқа шығарылатын бағалы қағаздардың эмиссиясының проспектісінде белгіленеді.

8.21. Акциялар мен облигациялардың, туынды бағалы қағаздардың өзге де шығарылу, қозғалу және есептеу мәселелері әрекет етіп жатырған заңнамамен, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің бекіткен бағалы қағаздар туралы ережесімен және басқа нормативтік кесімдермен белгіленеді.

9. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

9.1. Әрбір акционер :

- басқа акционерлердің келісімісіз өзіне тиесілі акцияларымен мәмілелер жасауға;
- Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңында, Қоғам Жарғысында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;
- дивидендтер алуға;
- заңнамамен белгіленген тәртіппе, Қоғам таратылғаннан кейін қалған мүддесінің бөлігін алуға;
- Қоғам қызметі жөнінде ақпарат алуға, сонымен бірге Қоғамның қаржылық есептемесімен танысуға, мөлшері Директорлар кеңесінде белгіленген Қоғамның құжаттарының көшірмесін ақысына алуға;
- бағалы қағаздарға деген меншіктік құқығын растайтын тізілім ұстаушылардан не болмаса номиналдык ұстаушылардан көшірмелер алуға;
- Қоғам органдарының шығарған шешімдерін сот тәртібімен даулау;
- Қоғам органдарының заңнама нормаларын және Қоғам Жарғысын бұзатын әрекеттер жасаған жағдайда, өзінің мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органдарға шағынын жүгінуге;
- Қоғамның қызметі туралы жазбана сұраныстарымен жүгінуге және ол келін түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелдемелік жауаптар алуға
- басқа да әрекет етіп жатырған заңнамамен және Қоғамның ішкі құжаттарымен көзделген құқықтарды жүзеге асырады.

9.2. Әрбір жәй акция акционерге оның иеленушісіне бірдей көлемде құқық береді. Акционерлер, жәй акциялар иеленушілері, акционерлердің жалпы жиналысына оның құзыретінің барлық мәселесі бойынша дауыс құқығымен қатысуға.

Қоғамның дауыс акциясының бес және одан да көп пайызына иеленуші акционер :

- Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға;
- Қоғам органдарына кандидатураларды ұсынуға;
- Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен белгіленген тәртіппен Қоғам акционерлерінің тізімінің көшірмесін алуға.

9.3. Акционер - Қоғамның артықшылықты акциялары иеленушілер құқығы.

9.3.1. Қоғамның артықшылықты акциялары оны иеленушілерге - акционерлерге бірдей көлемде құқықтар ұсынады.

9.3.2. Қоғам Жарғысына акционерлер - артықшылықты акциялар иеленушілерінің құқықтарын шектейтін өзгерістер мен қосымшалар енгізу мәселесін қарастыру жағдайларын қоспағанда, артықшылықты акциялар иесінің акционерлер жиналысында дауыс беру құқығы болмайды. Бұл мәселелер бойынша шешімдерді акционерлердің жалпы жиналысы осындай санаттағы акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісін иеленетін акционерлер аталған шектеулердің қабылдануын жақтан дауыс берген жағдайда ғана қабылдай алады.

Қоғамның табыстылығынан тыс артықшылықты акция кепілдендірілген дивиденд әкеледі. Табыстың жетпеген жағдайында, дивиденд төлемдері Резерв капиталы есебінен жүзеге асырылады. Егер жәй акциялар бойынша төленетін дивиденд мөлшері артықшылықты акциялар бойынша төлемдер мөлшерінен асып түссе, онда артықшылықты акциялар ұстаушыларына жәй акциялар бойынша төленген дивидендтер мөлшеріне дейін қосымша төлемдер жасалуы тиіс.

Кепілдендірілген артықшылықты акциялардың дивиденд мөлшері олардың шығарылатын кезінде эмиссия проспектісімен белгіленеді.

9.3.3. Егер төлеу мерзімі белгіленген күннен бастап үш айдың ішінде артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төленбесе, осы мерзім біткен соң артықшылықты акцияларды иеленуші акционерге акционерлердің жалпы жиналысында оның құзыретіндегі барлық мәселелер бойынша мерзімі өтпін кеткен дивидендтерді төлеу кезіне дейін дауыс беру құқығы беріледі. Бұл жағдайда артықшылықты акция Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында шешімдер қабылдау үшін белгіленген кворумды айқындау кезінде ескеріледі.

9.3.4. Дивидендтері төленбеген артықшылықты акцияны иеліктен айыру оны акцияның жаңа меншік иесінің алу құқығымен жүзеге асырылады.

9.3.5. Артықшылықты акцияларды иеленушілер акционерлердің жәй акциялар иелерінің алдында, дивидендтер алуға артықшылықты құқықтары бар.

9.3.6. Қоғам таратылған жағдайда артықшылықты акциялар иелерінің басқа акционерлердің алдында тиесілі, бірақ төленбеген дивидендтерді бірінші кезекте толық көлемінде алуға, өздеріне тиесілі акциялардың атаулы құнын өтетуге және ол таратылғаннан кейін қалған Қоғам мүлкінің бір бөлігін өздеріне тиесілі акциялар құнына сәй жәй акциялар иелерімен тең алуға құқығы бар.

9.4. Толық төленбеген акциялар мен Қоғам сатып алған акциялардың дауыс беру құқығы болмайды және олар бойынша дивидендтер төленбейді.

9.5. Акционер осы Жарғының 9.6. тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзінің акцияларын Қоғамға сатып алу талабын қоя алмайды.

9.6. Акционерлердің жалпы жиналысында келесі шешімдерді қабылдаған жағдайларда, акционерлер Қоғамнан өзінің барлық акциясын не болмаса оның бөлігін сатып алу талабын қоюға құқылы :

- Қоғамды қайта ұйымдастыру туралы ;
- Қоғамның ірі мәмілелер жасауы туралы;
- Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен қосымшалар енгізу не болмаса құқықтарын шектейтін Жарғының жаңа редакциясын бекіту туралы.

Мұндай талап қою құқығы, акционерлерде көрсетілген шешімдерге қарсы дауыс берген не болмаса сол шешімді қабылдаған акционерлердің жалпы жиналысында қатысқан жағдайда пайда болады .

Акционер өзіне тиесілі Қоғамның акцияларын жалпы жиналыс тиісті шешім қабылдағаннан кейінгі отыз күн ішінде олардың атаулы құнынан кем емес бағамен сатып алуды талап етуге құқылы. Акционер аталған талаптарды қойған жағдайда акционер Қоғамға өтініш жасаған күннен бастап отыз күн ішінде оған тиесілі акцияларды сатып алуға міндетті.

Қоғам акционерлердің сондай құқығы бар екендігі, сатып алу тәртібі мен бағасы туралы хабарлауға міндетті.

Акционер Қоғамның акцияларды сатып алудан бас тартуына, сондай-ақ онымен келіспеген жағдайда акциялардың сатып алу бағасына сот тәртібімен шағым жасауға құқылы.

9.7. Акционерлер :

- акцияларды заңнамамен, Жарғымен және акционерлердің жалпы жиналысының акцияларды орналастыру туралы шешімімен көзделген тәртіппен, мерзімімен және әдіспен төлеуге;

- өзіне тиесілі акцияларды сату жөнінде ірі мәміле жасау ниеті туралы Қоғамға хабарлауға;

- тізілімді ұстаушыларға немесе осы акционерлерге тиесілі акцияларды атаулы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгергендігін он күн ішінде хабарлауға;

- Қоғамның коммерциялық құпия болып табылатын қызметі туралы мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

10. Дивидендтер

10.1. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Қоғамның акционерлеріне тиесілі акциялары бойынша төленетін сыйақы дивиденд болып табылады.

10.2. Қоғам акцияларына дивидендтер жылына бір рет төленеді.

10.3. Дивидендтерді төлеу тәртібі акционерлердің жалпы жиналысында белгіленеді.

10.4. Дивидендтерге олар бойынша дивидендтер төлеудің ресми жарияланған күніне дейін отыз күннен кешіктірмей акциялар сатып алған тұлғалардың құқығы бар.

10.5. Акционерлердің жалпы жиналысы жөй акциялары бойынша дивидендтер төленбейтіні туралы шешім қабылдауға құқылы.

10.6. Дивидендтер ақшамен, сондай-ақ акционердің келісімімен сол Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.

10.7. Дивидендтер тек қана толық төленген акциялар бойынша есептеледі және төленеді. Қоғам айналысқа шығармаған немесе орналастырмаған, немесе сатып алмаған акциялар бойынша дивидендтер төленбейді.

10.8. Алынбаған дивидендтер бойынша сыйақы (мүдде) есептелмейді.

10.9. Артықшылықты акциялардың иелеріне есептелетін дивидендтер толық көлемінде төленгенге дейін жөй акциялар бойынша дивидендтер төленбейді.

11. Қоғам органдары

Қоғам органдары :

- жоғарғы орган акционерлердің жалпы жиналысы;
- басқарушы орган Директорлар кеңесі;
- атқарушы орган Бас директор;
- Тексеру орган Ревизия комиссиясы болып табылады .

Қоғам органының құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Осы Жарғымен белгіленеді .

12. Акционерлердің жалпы жиналысы

12.1. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы оның жоғарғы органы болып табылады.

Қоғам жыл сайын акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізеді .

Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуге тиіс. Аталған мерзім есепті кезеңдегі Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкіндігі болмағал жағдайда үш айға дейін ұзартылған деп саналады.

Акционерлердің жылдық жиналыстан басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

12.2. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы шешімін Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

Жалпы жиналысты өзірлеуді және өткізуді Қоғамның Бас директоры не болмаса осы Қоғамның тәуелсіз тіркеушісі жүзеге асырады.

12.3. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1. Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу не болмаса Жарғысының жаңа редакциясын бекіту;
2. Қоғамның үлгісін өзгерту;
3. Қоғамды ерікті түрде қайта құру және тарату (“Акционерлік қоғамдар туралы” Заңымен белгіленгендерді қоспағанда);
4. Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау, оның сандық құрамын белгілеу және оның мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
5. Қоғамның жарияланған жарғылық капиталының мөлшерін өзгерту ;
6. Қоғамның тексеру комиссиясының мүшелерін (тексерушіні) сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
7. “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, есеп комиссиясының құрамын бекіту;
8. Қоғамның жылдық қаржылық есебін, тексеру комиссиясының қорытындыларын бекіту;
9. Қоғам акционерлерінің алда тұрған жалпы жиналысын шақыруды акционерлерге хабарлау нысанын айқындау және осындай ақпаратты баспасөз басылымында жариялау туралы шешім қабылдау;
10. Акцияларды бөлшектеу (сипит) және топтастыру;
11. Акциялардың құнын оларды Қоғам бағалы қағаздар нарығы туралы заңдарға сәйкес сатып алу кезінде айқындау әдістемесін бекіту;
12. Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі;
13. Жыл қорытындысы бойынша дивидендтер мөлшерін бекіту ;
14. Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін құруға немесе олардың қызметіне Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;
15. Ірі мәмілелерді және өзге де мәмілелерді “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңына сәйкес бекіту;
16. Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттары мен тәртібі ;
17. Қоғамның өз капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Қоғамның міндеттемелерін көбейту туралы шешім қабылдау;
18. Лауазымды тұлғаларға, оның ішінде Қоғамның директорлар кеңесі мүшелеріне төленетін сыйақының және (немесе) отемақының мөлшерін бекіту;
19. Қоғамның аудиторын бекіту ;
20. Егер Қоғамның Жарғысында акционерлерге Қоғамның қызметі туралы ақпараттар беру тәртібі белгіленбесе, осындай тәртіпті, соның ішінде баспасөз басылымын айқындау.

12.4. Дауыс беру құқығынсыз артықшылықты акцияларды иеленген акционерлердің жалпы жиналысқа қатысуға және күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға құқығы бар.

Директорлар кеңесінің шақыруымен акционерлердің жалпы жиналысына кез келген басқа тұлғалар қатыса алады.

Дауыс беруге қойылған мәселе бойынша акционерлер жалпы жиналысының шешімі акционерлердің - Жарғының 12.5. тармағында көзделген жағдайларды қоспағандағы, дауыс беруге қатысын отырған дауыс беру акцияларын иеленушілерінің жалпы санының жәй көпшілік дауысымен қабылданады. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру “бір дауыс беретін акция - бір дауыс” принципімен жүзеге асырылады.

Дауыс беруге қойылған мәселе бойынша акционерлердің жалпы жиналысында дауыс санын санау дауыс беру құқығын бұл шешім кезінде акционерлер -

Қоғамның жәй және артықшылықты акцияларын иеленушілер алып барады, барлық дауыс беру акциялары бойынша бірлесіп жүзеге асырылады.

12.5. Осы Жарғының 12.3. бабының 1-3 тармақшаларында көрсетілген мәселелер жөніндегі шешімдер акционерлер жалпы жиналысымен көпшілік дауыспен шығарылған дауыс беру акциясының жалпы санының үштен екісі молшерімен қабылданады.

12.6. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне жатқызылмаған мәселелер бойынша Қоғамның директорлар кеңесінің кез келген шешімін жоюға құқылы.

12.7. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар кеңесінің, Тексеру комиссиясының бастамасы бойынша, не болмаса жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акцияларының талап қойылған күніндегі кемінде бәсе және одан да көп пайызын иеленген акционерлердің бастамасы бойынша шақырылады.

Қоғамды өз еркімен таратқан жағдайда, кезектен тыс жалпы жиналысын тарату комиссиясы (таратушы) шақыра алады.

Акционерлердің бастамасы бойынша шақырылатын, акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізуге байланысты шығындар өздеріне жүктеледі және оларды осы жиналысты шақыру себептері расталғаннан кейін Қоғам өтейді.

12.8. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы талабында енгізілу дәлелдемесі көрсетілген күн тәртібіне енгізілуге жататын мәселелер құрастырылуы тиіс.

Акционерлер жалпы жиналысын жүргізуді бастаушы оның өткізілу түрін (бірлескен қатысу не болмаса сырттай дауыс беру) белгілейді, Директорлар кеңесі оны өзгерте алмайды.

12.9. Акционерлердің жылдық, кезектен тыс немесе қайтадан өткізілетін жалпы жиналыстарын шақырудан шақыру туралы талапты алған сәттен бастап отыз күн ішінде Қоғамның Директорлар кеңесі бас тартқан жағдайда, шақыру осы Жарғының 12.7 тармағында санамаланған тұлғалардың талап арыздары бойынша сәт шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

12.10. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімі мәліметтерінің негізінде жасалады. Аталған тізімді жасау күнін жиналысты өткізу туралы шешім қабылдаған күннен бұрын белгілеуге болмайды.

12.11. Акционерлерге Қоғамның жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлау "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңымен белгіленген мерзімде, "Казахстанская правда" мен "Егеменді Қазақстан" газеттерінде құлақтандыру жариялау арқылы жүзеге асырылады.

Акционердің талабы бойынша, жазбана құлақтандыруды жіберумен байланысты шығындарды төлеуге келіскен жағдайда, жалпы жиналысты шақыру туралы құлақтандыру акционерге жазбана түрде жіберілуі мүмкін.

Егер акциялардың атаулы ұстаушысы Қоғам акцияларын ұстаушыларының тізілімінде тіркелген тұлға болып табылған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы құлақтандыруды осы атаулы ұстаушысына жіберу бағалы қағаздар нарығы туралы заңдарға немесе тізілім ұстаушы мен осы атаулы ұстаушы арасындағы шартта белгіленген тәртіп пен мерзімде жүзеге асырылады.

12.12. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада:

- Қоғамның толық атауы және орналасқан жері;
- жиналыс өткізілетін күн, уақыты және орны;
- акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні;

• акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізілген мәселелердің тізбесі;

• акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге әзірлік кезінде акционерлерге беруге жататын ақпаратпен (материалдармен) акционерлерді таныстыру тәртібі;

• бірінші жиналыста кворум болмаған жағдайда, қайтадан жиналыс өткізу күні көрсетілуі тиіс. Акционерлердің қайтадан өткізілетін жиналысы алғашқы жалпы жиналыс белгіленген күннен кейінгі күннен ерте өткізілмейді.

12.13. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібін директорлар кеңесінің келісімі бойынша, талқылауға енгізілетін мәселелерді бас директор қалыптастырады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі бекітеді. Қайтадан жиналыс өткізілген (өткізілмеген жиналыстың орнына) жағдайда, күн тәртібі өзгертілмейді.

12.13.1. Күн тәртібіне мәселе жазбана түрде, оның дәлелдемесін қоюмен, мәселе енгізетін акционерлердің (акционердің) аты-жөнін, өздеріне тиісті акцияларының санын, ал Директорлар кеңесінің және Тексеру комиссиясының құрамына кандидат сайланған кезде олардың атын, сондай-ақ тиесілі акцияларының саны мен категориясын көрсетуімен енгізіледі.

12.13.2. Директорлар кеңесі келін түскен ұсыныстарды қарастыруға және оларды акционерлер Жалпы жиналыстың күн тәртібіне енгізу (не болмаса енгізбеу) туралы шешім қабылдауға міндетті. Қарастыру нәтижелері ұсыныстар енгізген туралы акционерлерге мағлұматтар жеткізілуі тиіс.

12.14. Акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқығы жоқ, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі, егер жиналысқа Қоғамның дауыс беруші акцияларының жиынтығында тоқсан бес және одан да көп пайызына не акционерлер (немесе осындай акционерлердің өкілдері) қатысса, олардың көпшілігі күн тәртібіндегі өзгерістер үшін дауыс берсе, өзгертіледі.

Жалпы жиналыстың хабарландыруда және (немесе) құлақтандыруда көрсетілген күн тәртібіндегі жиналыс өткізілетін күнге дейін он күннен кешіктірілмейтін мерзімде жиынтығында дауыс беретін акциялардың бес және одан да көп пайызын иеленген акционерлердің ұсынысы бойынша толықтырылуы мүмкін.

12.15. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін тіркеу аяқталған кезде жиынтығында Қоғамның дауыс беретін (акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде дауыс беру құқығы бар) акцияларының елу және одан да көп пайызын иеленген акционерлер тіркелсе, акционерлердің жалпы жиналысы (кворумы бар) шешім қабылдауға құқылы, ал осы Жарғының 12.3. бабының 1-3 тармақшаларында санатталған мәселелерді қарастырған кезде Қоғамның дауыс акцияларының 2/3.

Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер жіберілген жағдайда, жиналысқа қатысушыларды тіркеу кезінде Қоғам алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде есепке алынады.

12.16. Кворум болмаған жағдайда, сол күн тәртібіндегі мәселемен акционерлердің жаңа жалпы жиналысын өткізу күні жарияланады.

Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысының орнына шақырылған қайтадан өтетін жалпы жиналысы, егер оған қатысу үшін тіркеу аяқталған кезде жиынтығында Қоғамның дауыс беретін (акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде дауыс беру құқығы бар) акцияларының қырық және одан да көп пайызын иеленген акционерлер, оның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлер тіркелген болса, құқылы болады.

Егер, Қоғамның тіркелген акционерлер саны он мыңнан асатын болса, акционерлердің өтпеген жиналысының орнына қайтадан жиналыс өткізуге арналған Қоғамның дауыс беретін акцияларының кемінде жиырма бес пайызы мөлшерінде көзделуі мүмкін.

12.17. Акционерлердің қайтадан өткізілетін жиналысы (өткізілмеген жиналыстың орнына) бірінші бастапқы жалпы жиналыстың тағайындалған күнінен кейінгі келесі күні өткізілуі мүмкін.

Қайтадан өтетін жалпы жиналыстың шешімі бірінші жиналысты шақыру рәжімі сақталған жағдайда заңды болады.

12.18. Директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша Есеп комиссиясының сандық және жеке құрамын акционерлердің жалпы жиналысы бекітеді.

Есеп комиссиясының құрамына Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері, Тексеру комиссиясының мүшелері, Бас директоры, сондай-ақ осы лауазымдарға ұсынылатын кандидаттар кіре алмайды.

Есеп комиссиясы :

- акционерлердің жалпы жиналысы кворумының бар, жоғын белгілейді;
- акционерлердің (олардың өкілдерінің) жалпы жиналыста дауыс беру құқықтарын жүзеге асыруларына байланысты туындаған мәселелерді түсіндіреді;
- дауыс беру тәртібін түсіндіреді және акционерлердің дауыс беруге қатысу құқығын қамтамасыз етеді;
- дауыстарды санайды және дауыс беру қорытындыларын шығарады, дауыс беру қорытындылары бойынша хаттама жасайды, дауыс беру бюллетендерін архивке береді.

Есеп комиссиясының құрамы үш адамнан кем болмауы тиіс.

Есеп комиссиясының өкілеттік мерзімін акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді.

Сырттай дауыс беру кезінде есеп комиссиясының құрамын және өкілеттік мерзімін Қоғамның директорлар кеңесі белгілейді.

12.19. Жалпы жиналысқа қатысу құқығын акционердің жеке өзі не болмаса өкілі арқылы жүзеге асырады, және ол кез келген уақытта өкілін басқаға өзгерте алады не болмаса өзі жеке қатыса алады.

Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес рәсімделген сенімхат негізінде іс-әрекет жасайды.

Ортақ үлестік меншігіндегі акциялар бойынша дауыс құқығын, сол ортақ үлестік меншіктегі қатысушының біреуі не болмаса олардың жалпы өкілі жүзеге асырады.

Заңды тұлғалардың өкілдеріне арналған жалпы жиналысқа қатысуға және дауыс беру құқығына сенімхатты нотариалдық куәлендіру талап етілмейді.

Қоғамның лауазымды адамдарының жалпы жиналыста акционерлердің өкілдері ретінде болуға құқықтары жоқ.

12.20. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын (төрақасын), хатшысын, хаттама жасаудың дұрыстығын куәлендіретін акционерлердің өкілдерін, есеп комиссиясы мүшелерін немесе жалпы жиналыста дауыстар санауды жүзеге асыруға өкілетті адамды сайлауды өткізеді, дауыс беру нысанын ашық немесе жабық (бюллетендер бойынша) белгілейді.

Қоғамның бас директоры және Тексеру комиссиясының мүшелері акционерлердің жалпы жиналысында төрағашылық ете алмайды.

12.21. Осы Жарғыдағы 12.20 тармағындағы санамадан көрсетілген төртіншік мәселелер бойынша дауыс беру кезінде, әрбір акционердің бір дауысы болады, ал шешім қатысын отырғандардың санының жәй көпшілік даусымен қабылданады.

12.22. Қоғамның акционерлері жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру (сұраныс жолдарымен) арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру жиналысқа қатысқан акционерлердің қатысын дауыс беруімен (аралас дауыс беру) бірге не жалпы жиналыстың отырысын өткізбестен қолданылуы мүмкін.

12.23. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысына шығарылатын мәселелер бойынша - Директорлар кеңесін, Тексеру комиссиясын сайлау, аудиторды бекіту, Қоғамның қаржылық есебін бекіту, таза табысын бөлу және шығындарын өтеу шешімдері сырттай дауыс беру жолымен қабылдана алмайды.

12.24. Сырттай дауыс беру тізілімге қосылған, осы Жарғының 12.10 бабына сәйкес дауыс беруге құқылы акционерлерге дауыс беру үшін берілетін бюллетендерді қолдану арқылы акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілген күнге дейін не акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санау күніне дейін кемінде қырық бес күн бұрын жіберілуі тиіс.

Атаулы ұстаушылардың клиенттерінің дауыс беруі үшін бюллетендер жіберу тізілім ұстаушылар мен оны атаулы ұстаушылар арасындағы шартта белгіленген төртіншік пен мерзімде жүзеге асырылады.

12.25. Егер дауыс беру акцияларының жартысынан кем болмайтын санына иеленуші акционерлер дауыс беруге қатысса, сырттай дауыс беру арқылы қабылданған жалпы жиналыс шешімі жарамды болып табылады. Осы Жарғының 12.3 бабының 1-3 тармақшаларында санамадан көрсетілген мәселелерді қарастырғанда, Қоғамның дауыс беру акцияларының кемінде 2/3-не иеленуші акционерлер дауыс беруге қатысса, акционерлердің жалпы жиналысының сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімі жарамды болып табылады.

12.26. Дауыс беру акционерге (оның өкіліне) тіркелу кезінде не болмаса тапсырыс хатымен жіберілген жағдайда берілетін бюллетенімен жүзеге асырылады.

12.26.1. Дауыс беруге арналған бюллетенінде :

- Қоғамның толық фирмалық атауы;
- Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенілерді табыс етудің түпкілікті күні;
- Шақырылған жағдайда, жиналыс өткізілетін күн не жалпы жиналыстың отырыс өткізілмеген жағдайда дауыстарды санау күні;
- Талқылауға енгізілген мәселелердің тұжырымдамасы;
- “Иә”, “Қарсы”, “Қалыс қалды” деген сөздермен білдірілген, дауысқа қойылған әрбір мәселе бойынша дауыс берудің нұсқалары көрсетілуге тиіс;
- Акционердің қол қойылатын орны.

12.26.2. Дауыстарды санағанда, бірнеше ықтимал дауыс беру нұсқалары қалдырылған бюллетенілер, белгіленбеген түрдегі, не болмаса дауыс берушінің қолы жоқ бюллетенілер (заңды тұлға үшін - басқарушының қолы және заңды тұлғаның мөрі) жарамсыз болып табылады.

12.27. Акционерлердің сырттай дауыс беруге арналған бюллетені түрін Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенілерді жіберу тәртібі мен мерзімі осы Жарғының 12.24 бабымен реттеледі. Дауыстарды санауға жарияланған күні Есеп комиссиясы дауыстардың нәтижелерін шығаруды жүзеге асырады. Дауыстардың нәтижелерін Директорлар кеңесі бекітуі тиіс.

12.28. Есеп комиссиясы дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасайды, ол акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркеледі.

Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс берудің қорытындылары жария етіледі, акционерлердің жиналысы жабылғаннан кейін шешім қабылдаған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей, “Казахстанская правда” және “Егеменді Қазақстан” газеттерінде дауыс беру қорытындылары туралы есебін жариялау арқылы акционерлердің назарына жеткізіледі.

Дауыс беруге арналған бюллетенілер сүргіленеді және Қоғамның архивіне сақтауға тапсырылады.

12.29. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін үш күннен кешіктірілмей екі дәнеде құрастырылады, оған жалпы жиналыстың төрағасы, жиналыстың хатшысы, жалпы жиналысқа қатысқан және дауыс беретін акциялардың бес және одан да көп пайызын иеленген акционерлер, есеп комиссиясының мүшелері қолдарын қояды.

Хаттамаға қол қоюға міндетті адамның қол қоюға мүмкіндігі болмаған жағдайда, хаттамаға өзіне берілген сенімхат негізінде оның өкілі қол қояды.

Хаттамаға :

- Қоғамның толық атауы мен орналасқан жері;
- Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу орны мен уақыты;
- Жалпы жиналыстың күн тәртібі;
- Жалпы жиналыстың кворумы;
- Жалпы жиналыста дауыс беру тәртібі;
- Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі дауысқа қойылған әрбір мәселе бойынша дауыстың жалпы саны ;
- Жалпы жиналыстың төрағасы (төралқасы) және хатшысы;
- Жалпы жиналысқа қатысқан адамдардың сойлеген сөздері;

- Дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

- Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер көрсетілуі керек.

12.30. Акционерлердің жалпы жиналысының барлық хаттамаларын сақтауды Қоғамның Бас директоры қамтамасыз етеді. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамалар кітабы кез келген уақытта кез келген акционерге танысу үшін берілуге тиіс. Акционерлердің талап етуі бойынша оларға хаттамалар кітабынан Директор кеңесінің хатшысы куәландірілген көшірмелер беріледі.

12.31. Жалпы жиналыстың қабылдаған шешімдері, Қоғамның барлық акционерлеріне оның қатысқандарына да, қатыспағандарына да міндетті.

13. Директорлар кеңесі

13.1. Директорлар кеңесі Қоғамның жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жағқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне өздерінің міндеттемелерін атқарған кезде сыйақы төленеді және (немесе) олардың Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері міндеттерін атқаруға байланысты шығындары өтеледі.

13.2. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1. Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау ;
2. Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау ;
3. Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын откізбестен сырттай дауыс беруді жүргізу кезінде есеп комиссиясын құру ;
4. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту ;
5. Жалпы жиналысқа қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау, күнін айқындау және акционерлердің жалпы жиналыстарын әзірлеу мен өткізуге байланысты басқа да мәселелер ;
6. Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңымен көзделген мәселелерін акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне шығару ;
7. Қоғамның жарияланған акцияларын саны мен категориясы негізінде орналастыру арқылы Қоғамның шығарылған (төленген) капиталын көбейту ;
8. Қоғамның облигацияларын және басқа бағалы қағаздарын, артықшылықты акциялардың бумасын тарататын ақысыз резервін орналастыру;
9. Қоғамның шығарылған (төленген) капиталының мөлшерін азайту туралы және Қоғам шығарған акцияларды, облигациялар мен өзге де бағалы қағаздарды сатып алу туралы шешім қабылдау;
10. Қоғамның Бас директорын сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, оған төленетін сыйақылар мен өтемақылардың мөлшерін белгілеу;
